

**"Қарағандашахтострой" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 28 сәуір N 668

Республикада жекешелендіру процесін жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен "Қарағандашахтострой" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатуды жүзеге асырсын.

2. "Төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды Қазақстан

Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 Р950656\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 194-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілген төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізбесінен:

"Қаршахтострой" АҚ, Қарағанды облысы" деген сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі